



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТЕРДІ ЗЕРДЕЛЕУДІҢ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY  
REPUBLICAN CENTER OF THE STUDY OF TRADITIONAL CIVILIZATIONS  
OF CENTRAL ASIA



**«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ  
ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ  
ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАР»** атты  
халықаралық ғылыми-теориялық конференция

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы қ., 12 қараша 2015 ж.

## **МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-теоретической конференции  
**«ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ  
И ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ТРАДИЦИОННЫХ ЦИВИЛИЗАЦИЙ  
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ»**

г. Алматы, 12 ноября 2015 г.

## **MATERIALS**

International scientific and theoretical conference  
**«THEORETICAL AND METHODOLOGICAL APPROACHES  
AND PROBLEMS OF STUDYING THE TRADITIONAL  
CIVILIZATIONS OF CENTRAL ASIA»**

Almaty, 12 November 2015 y.

Алматы 2015



АЛҒЫ СӨЗ	
Мұтанов Ғ.М.	3

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС/ ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Омарбеков Т., Хабижанова Г. Ұлы даланың көшпелілер өркениетін зерттеудің өзіндік ерекшеліктері туралы	4
Mualla UYDU YÜCEL Kiev Knezliği Döneminde Türk-Rus İlişkileri	9
Екеев Н.В. Социально-политическая организация кочевников Алтая в XVII –первой половине XVIII вв.	18
Ташағыл Ахмет Gök Türkler ve Eski Türk Devlet Modeli	22
Төлеубаев Ә.Т. Қазақ әдет-ғұрыптарындағы, дүниетанымындағы қасиетті сандар	29
Claudia Chang Landscapes of Power and Elite Settlement at the cusp of the Saka and Wusun Periods in Semirech'ye (400 -200 BC): the Talgar case study	34
Mehdiyeva Nisbet Canmemmed kızı Merkezi Asya ve Kazakistan Göçebeleri (XIX-XX yüzyıl başlarında)	38

СЕКЦИЯЛЫҚ МӘЖІЛІСТЕР

Бірінші секция / Первая секция

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЭТНОТЕРРИТОРИЯЛАРЫ МЕН  
МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ/  
ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЭТНИЧЕСКОЙ ТЕРРИТОРИИ И СТАНОВЛЕНИЯ  
ГОСУДАРСТВЕННОСТИ НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ  
В СРЕДНИЕ ВЕКА

Кәрібаев Б.Б. Қазіргі кезеңдегі отандық тарих ғылымы және Қазақ хандығы құрылуының мәселелері	42
Тулибаева Ж.М. Цивилизация и государства Центральной Азии в описании мусульманских средневековых авторов	50
Қуандық Е.С. Қасым ханның қасқа жолы	52
У Юйгуй Конге түріктердің қытайша жазылған құлпытас ескерткіштерінің каталогы (Қытайшадан ықшамдап аударған: Сағынтай СҰҢҒАТАЙ)	56
Өтениязов С. Қазақ мемлекеті тарихының зерттелу проблемалары	59
Мұхатова О. Х. IX–XII ғасырлардағы отандық тарихи ой	64
Жумадил А.К. Казахстанская историография конца XX-начала XXI века о кочевой государственности	68
Сайлан Б. Көшпелілердің қару-жарак түрлері: садақ пен жебе	72
Abdirajymova A.S. Comparative Parallels of the Statehood of Nomads Great Steppe and the Modern State of Kazakhstan	77
Мекебаев Т.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж. Қазақ хандығының құрылуы: тарихи алғышарттары мен өзекті мәселелері	79
Бегімтаев Ш.Қ. «Тауарих-и Хамса» еңбегіндегі Сатұқ Боғра ханның бейнесі	82
Смағұлов С. Қазақ хандығы тұсындағы ақын-жыраулардың әскери қызметі	84
Абдулина А.Т. Женщины Великой степи: саки, кыпчаки и казахи	91
Абдилдабекова А.М. Обычное право кочевников в историко-правовых исследованиях XX века	94
Жаппасов Ж.Е. XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының зерттелуі	97
Майданали З. Харизма и власть в кочевых империях (историография проблемы)	100
Искакова Г.З. Түргеш қағанатының территориясы мен шекарасы	103
Өскенбай М.Ә. Этноэлеметтік құрылым тарихты зерттеудің объектісі ретінде	105
Сагандыкова А.Б. Распространение ислама в Казахстане	108
Ноянов Е.Н. Қазақ халқының этникалық территориясының біріктірілуі	111

Екінші секция / Вторая секция

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ОТЫРЫҚШЫ ӨРКЕНИЕТТЕРІНІҢ  
ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ МЕН БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ/  
ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ И ВЗАИМОВЛИЯНИЯ КОЧЕВОЙ И ОСЕДЛОЙ  
ЦИВИЛИЗАЦИЙ В ИСТОРИИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Нұртазина Н.Д. Ұлы дала мен Мәуараннаһр орталықтарының интеграциялануындағы ислам факторының рөлі (VIII-XIII ғғ.)	114
---	-----



## ТҮРГЕШ ҚАҒАНАТЫНЫҢ ТЕРРИТОРИЯСЫ МЕН ШЕКАРАСЫ

Г.З.Искакова

Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы.  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Түргештер батыс түрік қағандығындағы дулаттың белді тайпасы. Олар Елжау бидің ортаншы ұлы Дулының (Дайонның) үлесінде болған он мың үйден шыққан. Бұлар шежіре деректерде «сары үйсін» деп те аталады. Батыс қағандығы дәуірінде дулат тайпасы болған Іле өзені мен Шу өзені аралығында Іле Алатауынан Балқаш көлінің оңтүстігіне дейінгі өңірде көшіп-қонып жүрді [1, 121 б].

Батыс Түрік қағанаты құрамындағы бес тайпа дулу қағанаттың сол қанатын құраған болатын. Шу өзенінен шығысқа қарай созылған жерлері мен Жонгар алқабын бес тайпа дулу мекендеген болатын. Яғни өріс-қонысы ежелгі үйсіндердің атамекені еді. Авторы Сыма Гуаң «Билік гибратнамасында» былай делінеді: «Әуелде Батыс Түріктің Теліш қағаны мемлекетін он ұлысқа бөліп, әр ұлысқа бірден ағаман тағайындап, оларға бірден оқ берді де, мұны Он оқ деп атады. Одан соң оң және сол қанаттарға бөлді, сол қанатты Бес түрік деп атап, оларға бес тай чор қойып, Суябтың шығысына ірге тептірді. Оң қанатты Бес нұшбе деп атап оларға бес тай іркін тағайындады да, Суябтың батысына орналастырды. Олар жалпылай Он оқ деп аталды». Осындағы бес Түрік бес дулат болса керек. Жұңғоның ескі тарих кітаптарында дулаттардың бес тайпасы мына түрде берілген:

1. Түркеш – алаш-чор ұлысы;
2. Қойлау – күлұғ-чор ұлысы;
3. Чимойын (шимугін) – лұи-чор ұлысы;
4. Ысты-гон –чор ұлысы;
5. Жаныс-шопан-чор ұлысы [1, 121 б]

«Таң патшалығының тарихы Жағрафия тарауында» Таң патшалығы батыс өңірді бірлестіргеннен кейін, түркештер екі аймаққа бөлініп бағынған. Оның бірі түркеш сұғамұқы ұлысы деп аталып, Лұңшүн – аймағына, екіншісі: түркеш-алаш ұлысы деп аталып, Жесан аймағына бағынған. Қойлау тайпасы қазіргі Барлық тауы мен Ебнор көлі атырабын мекен еткен. Олар Янбо аймағына бағынған. Шимойын тайпасы қазіргі Тарбағатай (Шәуешек) атырабын қоныстанып, Боян аймағына қараған. Жаныс тайпасы Еренқабырғаның үстіртіндегі Үлкен жұлдыз бен Кіші жұлдызды өріс-қоныс етіп, Иңса аймағына қараған. Ыстытайпасы Іле өзенінің шығыс алқабы мен қазіргі бұратала өңірін мекендеп, қос өзен аймағына қарасты болған. Осы кезде дулат тайпасының бірі болған шымыр (чуми) қазіргі Құтыби, манас өңірін мекен еткен, олардың шығысында қазіргі Жемсары ауданының маңында чуио тайпасы тұрған [1, 121-122].

«Таң патшалығының тарихы Жағрафия тарауында» Таң патшалығы батыс өңірді бірлестіргеннен кейін, түркештер екі аймаққа бөлініп бағынған. Оның бірі түркеш сұғамұқы ұлысы деп аталып, Лұңшүн – аймағына, екіншісі: түркеш-алаш ұлысы деп аталып, Жесан аймағына бағынған болатын [1, 122 б].

Батыс Түрік қағанаты да, Түркеш қағанаты да «он оқ елі», «он тайпа қағандығы» деп аталып кеткенімен қағандық құрамында басқа да үлкенді-кішілі тайпалар болғандығы қытай жазба деректерін анық жазылған. Қытай тарихшысы Лин Ган «Түрік тарихында» «он оқ еліне» тағы да 11 тайпаның аты мен мекен-жайын көрсетті. Олар мыналар:

- 1) Түркеш – Суөгө – Мұһы (Сақал Баға) ұлысы –Іле өзенінің орта және төменгі ағысының терістік жағасында.
- 2) Қарлық – мұрын (муло) ұлысы – (Зайсанның шығысы мен Ертіс өзенінің оңтүстік жағалауында).
- 3) Қарлық Чи-Еркін ұлысы (мұрындардың шығыс оңтүстігінде).
- 4) Қарлық – тасты (Ге Лолу Та ши (Мұрындардың батыс-оңтүстігінде)) оңтүстік шимойындармен шектеседі.
- 5) Яғма ұлысы.
- 6) Мұқы тархан (Мохэ Даган) ұлысы
- 7) Ду Можы ұлысы
- 8) Чуми ұлысы
- 9) Чу йо ұлысы (Үрімжінің Батыс оңтүстігінде)
- 10) Шато ұлысы (Баркөлдін шығысында)
- 11) Хеса ұлысы (Каспий теңізі маңында) [2, 16-18 б]

Түргеш қағандығы (699-766 жж.) Батыс түрік қағандығында билікке ие болған соң үлкен Ордасын Суяб қаласына көшіріп, кіші ордасын Іле алқабында қалдырды [3, 112 с]. Түркеш Үшелік Батыс Түрікке бағынышты нәсілден шықты. Үшелік ұлысына алыс-жақындығы Ғулардың барлығы



берілді. Түргештер жиырма тайпаға бөлінді, ал әр тайпа көсемінің қол астында 7000 әскер болды, яғни 20 тұтықтық құрылды. Олар Суябтың солтүстік-батысына ірге теуіп, кейін бірте-бірте Суябты басып алып, ордасын сол жерге көшірді. Шекарасы солтүстік-шығыста түрікпен, оңтүстік-батыста Ғу елдерімен тұтасып, оңтүстік-шығыста Шижоу, Тинжоу дуандарына дейін созылды. Батыс Түрік қағанның соңғы билеушісі Құшыра Қытайға бағынып, оның жер-суын Үшелік өзіне қосып алды [4, 146 б].

Үшелік қаған өз мемлекетін оң қанаттағы және сол қанаттағы екі ордаға (Бес Түрік Дулуға және Бес Нұшбеге) бөліп Суяб қаласын негізгі астана жасаса, екінші кіші астана Қойлықты (Күнгітті) Іле бойына орналастырды. Соғысқа түркештердің әскері 150 мыңнан астам әскер шығара алатын болған [5]. Үшелік қайтыс болғаннан кейін (705 жылы немесе 707 жылы) сол жылы оның үлкен ұлы Өрлік тұтығы Саға сол қол аду тоқсауыл тай санғұғ тағайындалып, әке шеніне мұрагерлік етті. Осы кезде оның үш жүз мың салт атты әскері болды [4]. Сұлу қаған заманы туралы қытай деректерінде: «Түркештердің Қабыш чор Сұлу деген адам қалған ел-жұртты айналасына топтап өзін қаған деп жариялады. Ұлыс-тайпалар біртіндеп соған бығынып, халқының саны екі жүз мыңға жетті. Батысқа өктемдік ете бастады» [4] -деп жазады. Яғни мемлекеттегі ішкі араздастықтан соң, тұтастығын қалпына келтіріп, халқының санын оның тұсында екі жүз мыңға қайтадан жетеді. Көріп отырғанымыздай өз заманын үшін халқының саны біршама көп есептелінеді. Жоғарыда көрсетілгендей Сағаның тұсында әскерінің саны ең жоғары шегіне 300 мыңға жеткен болатын. Бұл санға түркештерден басқа қосалқы құрама әскерге кірген көрші тайпалар, Батыс Түрік қағанаты ыдырағаннан кейінгі Түркештердің билігін мойындаған халықтар құраған болатын. Ал оның әкесі 140-150 мың әскерді ғана басқарған болатын. Гумилев болжаммен халықтың әскерге қатынасы коэффициентін есептей келе, сол сияқты бұл әскери жүйедегі мемлекетте әрбір ер адам әскери болғанын есепке ала отырып, халықтың санын есептей келе орта есеппен 500 мың–700 мың болған деген тұжырым жасайды. Егер аталған халық санын Қытаймен сәйкестендірер болсақ, Таң империясының гүлденген шағында (754 ж) империяның барлық халқының саны 58 млн болған [6]. Бұл сол заман үшін халқы мол мемлекет ретінде қарастырылар еді. Салыстыруда параллель жүргізу үшін қазіргі Қазақстан мен Қытай арасындағы халық саны ара қатынасын есептейтін болсақ, Қазақстан халқын 18 млн ал қазіргі Қытай халқын 1,5 млрд десек Қытай халқының саны 83 есе көп. Ал жоғарыда айтылған Тан империясының халқы да Түркеш мемлекеті халқынан 83 есе көп болған. Көшпелілер еуропаның отырықшы халықтары сияқты тығыз орналаспағанын ескерер болсақ, жоғарыда көрсетілген халқының саны бойынша Түркеш қағанаты территориясының ауқымды болғанын да айтуға болады.

Түркеш қағандығы сары түркеш және кара түркеш деп екі иелікке бөлінді. Сары түркештердің ордасы Шу өзені бойындағы Суяб қаласында, Кара түркештердің ордасы Талас өзені бойындағы Талас қаласында болды. VII ғасырда «Сары түркештер» (муқрилердің ұрпақтары) және «Кара түркештер» (абарлардың ұрпақтары) болып екіге бөлінуі олардың әлеуметтік статусын білдірсе керек. Себебі, Азияда сары түс әкесүйек, аристократия түсі болып есептелінсе, кара түс кара халықтың түсі болып танылатын. Басқаша айтқанда бұрыннан билікке ие болғандар мен биліктен тысқары бұқара халықты құрағандар болса керек. VIII ғасырда бұндай бөліну мемлекеттің ішінде екі түрлі саяси топты қолдаушылар мәніне ие болды. Яғни, Сағаның әулеті «сары түркештерге» жатса, мемлекетті қалпына келтірген Сұлу ұлысының адамдары «кара түркештерге» кірді. Гумилевтің тұжырымы бойынша кара түркештердің саны 300 мың адам (бейбіт халық, әскер емес) болған.

Сұлу қаған халықтың көпшілік сеніміне ие болып мемлекет территориясын сақтап қалып, шекараларын берік ете білді. Ол әрбір жорықтан кейін олжаны әскеріне бөліп беріп, халықты риза ете білді. Сонымен қатар, түркі қағанымен, тибеттік цэнпомен және 722 жылы императормен дипломатиялық некелерге қол жеткізді. Ашина елінен шыққан ханшайымға үйленген Сұлу көшпелілер әкесүйек қатарына қосылып қана қоймай, империяның аристократиясы құрамын кірді. Сөйтіп, мемлекет тұтастығын 737 жылға дейін сақтай білді [7].

Көріп отырғанымыздай Түркеш қағандығы өзінен бұрынғы батыс түрік қағандығы сияқты Алтай тауынан Тянь-Шань тауына, Баркөлден Арал теңізіне дейін территориядағы он оқ тайпасын түгел биледі. Оның негізгі орталығы Үйсін территориясы болды [1, 134 б].


Археологиялық зерттеулер нәтижесінде көне қалалардан түркеш қағандығының метелл ақшалары табылды. Түркеш қағандары Учжилэ (Үшлік, Баға қаған деген атағы бар), Сұлу (Сулуқ, Білге қаған атағы бар) және т.б. өз аттарынан Тараз бен Суяб қалаларында Қытайдың Таң империясының «кайюань тунбао» деп аталатын мыс теңгелеріне ұқсас мыстан соғып шығарған. Бұл ақшаны Нығмет Мыңжан былайша сипаттайды: «Сыртқы көрінісі жағынан сол замандағы Жұңго ақшасына ұқсас – ортасында төрт бұрыш тесігі бар дөңгелек жармақ. Аталған теңгенің бір бетіне: «тұргас қаған бай баға» (түркеш қағаны бай баға), ал екінші бетіне «сатым он оқ таңба» (затым он оқ таңба) деген жазу жазылған. Мұндағы оқ пен қос сызық түркеш қағандығы кезінде қолданылған он оқ тайпасының



таңбасы. Мұндағы садақ белгісі орхон жазуында «ок» деп оқылады, ал оның үстіндегі қос сызық «он» деген санды білдірсе керек. Демек, жоғарыда айтылған түркеш таңбасы «он ок» (он тайпа) деген ұғымды бейнелейтін таңба екені байқалады». Сол сияқты Шыңжаңнан қазірге дейін кездейсоқ жағдайда табылған түркеш теңгелерінен сегіз данасы (1990 жылдарға дейінгі мәлімет) белгілі, олар Ұлы Жібек жолының жолөтпелері болған Қашқар, Хотан, Тұрфан, Мори, т.б. жерлерден табылып отыр. Бұл түркеш теңгелері пішіні жоғарыда сипатталғандай болғанымен, бет жағында садақ сияқты таңба, ал екінші жағына соғды жазуымен «Баға түркеш қағанының паниі» (теңгесі) деген жазу жазылған (1,2 сурет) [8, 46 б].

Бұл материалдан бірнеше тұжырым жасауға болады. Біріншіден, біз білетіндей Батыс түрік қағандығы құрылған кезде қол астындағы негізгі халқын он ұлысқа бөліп, әр ұлысқа бір ок берген, сөйтіп, бұл ұлыс «он ок бүдүн» (он ок халқы) деп аталған. Яғни Түркеш қағанаты халықтың этникалық құрамына елеулі өзгеріс енгізбеген. Он ок халқын билеп, негізгі күшіне айналдыра білді. Сол себептен Түркеш қағанаты да қытай жылнамалары мен түркі жазбаларында «он ок елі» деп аталады (3,4 сурет) [1, 134 б].

Екіншіден, VI-VIII ғасырлары Отырар Оазисі, Шаш, Ферғана Батыс Түрік қағанаты құрамына енген болатын, жоғарғы билік қаған қолында болды. Сюань Цзан Шаштың айналасында ондаған қалалар бар және оларды бір-бірлерінен тәуелсіз билеушілер басқарып отырғанын жазған болатын. Демек өз аттарынан ақша шығарып отырған. Отырар оазисінде табылған үш түрлі монетаның бірінде (О.И. Смирнова бойынша түркештер Жетісуда VII ғасырдың 30 жылдарынан бастап ақша шығара

бастады), бір жағында арыстанның бейнесі, екінші жағында рулық таңба  -«ат» О.И. Смирнованың тұжырымы бойынша Жетісуда билік еткен түркештердің рулық таңбасы болып табылатын таңба бейнеленген. О.И. Смирнованың тұжырымы бойынша осы аталған арыстан мен түркештердің рулық таңбасының монетада бейнеленуі екі түрлі мағына беруі мүмкін. Бірі, монетаны түркештер өздері оны жасап, алдында билік құрғандарға еліктеу сақталған, немесе, жергілікті халық өздерінің сюзеренге тәуелділігін көрсету болса керек [9, 370 с]. Екі болжамның қайсысы шын болса да, мұнда анықталатын бір жайт Отырар оазисі, жалпы Оңтүстік Қазақстан территориясы Түркеш қағанатына тиесілі аймаққа жатқандығы.

Қорыта келгенде, Түркеш қағанатын құраған тайпалар территориясы мен жалпы мемлекет шекаралары қалыптасуы және өзгеріске ұшырауы тарихи оқиғалар төңірегінде орын алып, жазба және археологиялық деректерде көрініс тапқан.

1. Ныгмет Мыңжан Қазақтың қысқаша тарихы Алматы, Жалын 1994 – 400 б.
2. Дәулетханов Ә. Түркеш қағанаты (саяси және мәдени тарихын зерттеу) 692-766 жж. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефереты Алматы, 2002. – 26 б.
3. История Киргизской ССР: в 2-х томах. Т 1/ред. Кол. Б.Д. Жамгерчинов (глав. ред.) и др. Фрунзе: Кыргызстан, 1968.
4. Қытай жылнамаларындағы қытай деректері (б.з. 275-840 жылдары) Екінші кітап. Алматы, «Өнер», 2006 – 344 б.
5. Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны: монография Алматы, Қазақ университеті
6. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край Т II. Л, 1926. 338 с.
7. Гумилев Л. Древние тюрки Москва: Астрель, 2010. -575 с.
8. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. II том Тарихи-мәдени жәдігерлер Алматы, Дайк-Пресс, 2005. – 80 б+132 бет жапсырма.
9. Бурнашева Р.З. Монеты Казахстана как один из источников изучения социально-экономического, политического и духовного взаимодействия городов Южного Казахстана и Средней Азии (VII-XII вв.)/Взаимотношение кочевых культур и древних цивилизаций. Алма-Ата, Наука 1989. – 464 с.

## ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

**М. Ә.Өскенбай**

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы.  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Әр халықтың даму тарихы өзіндік этникалық формаға ие. Соның ішінде ерекше рөл атқаратындары халықтардың этноәлеуметтік, саяси және экономикалық даму факторы. Тарихты этноәлеуметтік тұрғыдан зерттеу тарих ғылымында жақсы дамыған. Дегенмен, Орта Азиядағы түркі тайпаларының этноәлеуметтік сабақтастық мәселесі әлі де болса жете зерттеуді қажет етеді. Ю.В. Бромлей атап өткендей, адамзаттың этноәлеуметтік тарихының көптеген аспектісі әлі де жеткілікті